

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**«Құтты болсын, Жаңа жыл!»
Ертеңгілігі**



Откізген тәрбиешілер: Сопакова А.К.

Сарбасова А.А.

2024-2025 оқу жылы

Жаңы жыл
Ақ жыл

«Құтты болсын, Жаңа жыл!»

Мәксаты: Жаңа жыл мерекесі арқылы балаларға қуаныш сыйлау. Өткен жыл мен келер жыл туралы білімдерін тиянақтау. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, көпшілік ортада ұстамды болуға тәрбиелеу.

Балалар музыка әуенімен ішке кіреді.

Жүргізуши: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді,

Бақыт, шаттық, ала келсін шырайлы.

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, бұлдіршіндер! Армысыздар! Келе жатқан жаңа жыл мерекелеріңіз құтты болсын. Бүгінгі «Қарлығаш» кіші тобының «Құтты болсын, Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуши: Балалар бізге қонаққа біреу келе жатқан сияқты кәне тыңдал көрейік.

(Музыкамен ортага Аққала кіреді)

Жүргізуши: Сәлеметсің бе Аққала біздің мерекеге қош келдің!

Аққала: Сәлеметсіздер ме қонақтар, бұлдіршіндер. Қандай әдемісіндер. Мерекені тойлатып жатсындар ма?

Балалар: Иә!

Аққала: Керемет менде мерекені сендер мен тойласам бола ма?

Жүргізуши: Эрине болады біздің балалар сізге арнап ән айтып берсін.

Ән: «Шыршаға бардық»

Аққала: Қандай әдемі ән рахмет балалар.

Жүргізуши: Біз сізбен ойын ойнағымыз келеді ойын ойнасақ қалай болады?

Аққала: Эрине ойнасақ ойнайық мен ойындарды ұнатамын. Балалар сендер де ойын ойнағанды ұнатасындар ма?

Балалар: Иә!

Аққала: Ендеше сендер мен қар атысып ойнайық.

Ойын: «Қар атысу»

Аққала: Жарайсындар балалар керемет ойнадындар.

Жүргізуши: Балалар бізге қонаққа бір адам жетіспей тұр ол кім екен?

Балалар: Аяз ата! Ақшақар!

Аққала: Иә дұрыс айтасындар бізге Аяз ата мен Ақшақар жетіспей тұр, ендеше мен барып шақырып келейін.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар ортамызға кел-кел! Деп 3 рет айтады.

(Ортага әуенмен Аяз ата мен Ақшақар кіреді.)

Аяз- ата: Аяулы ата - аналар, ардақты ұл қыздарға

Бұлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін,

Қандай әсем жырларың

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.(Балалармен амандасады.)

Ақшакар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата - аналар. Өздерінді сағынып келдік, жаңа жылдарыңыз құтты болсын, Әтіп кеткен ұлу жылына аман есен саулық тілеп, келе жатқан Жаңа жылымызға табыс береке, бірлік әкелсін деп тілеймін.

Жүргізуши: Сәлеметсіздер ме Аяз ата, Ақшакар. Мерекемізге қош келдіңдер! Біздің қадірлі қонағымыз болыңыздар біздің балалар сіздерге дайындаған өнерлерін тамашалаңыздар.

Би: «Сылдырмақ»

Аяз ата: Ой раҳмет балалар! билерің өте керемет екен.

Жүргізуши: Жарайсындар балалар, енді балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Сезім

Қыс көрікті-

Жауған аппақ қарымен,

Қыс көрікті-

Аяз қысқан кәрімен.

Д.Айару

Аяз ата келіп тұр

Бізге сәлем беріп тұр.

Тақпақ айтқан балаға

Сыйлықтарын беріп тұр.

Айлин

Қыс көрікті-

Аққала мен сырғанак,

Қыс көрікті-

Күміс қырау сәнімен.

Ахмет

Аяз ата ақ сақалды

Ақ таяқты паң ата,

Асып өтіп аскар тауды

Жеттің бізге таң ата.

Жүргізуши: Біздің балалардың тақпақтарын тындаңыз.

Аяз ата: Жарайсындар балалар.

Жүргізуши: Раҳмет балалар, енді балалардың сізбен ойын ойнағысы келеді.

Ақшакар: Аяз ата қарашы, балалардың күімі қандай әдемі. Шырша да әсем

безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпти.

Шырша шамын жағайық, Жаңа жыл тойын ашайық. Барлығымыз «Қуант бізді,

таңырқат» «Шамдарынды жарқырат» деп айтайық. (Барлығы айқайлайды, шырша

шамдары жағылады.)

Аяз ата: Бәрекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналага қуаныш сыйлауда.

Шыршаның құрметіне би билейді.

Би: «Ұлпақарлар»

Жүргізуши: Біздің балалар сіздерге арнап әнін айтты, тақпақ айтты енді сіздер мен ойын ойнасақ дейміз.

Мансур.

Аппақ қар да жауады,

Ақ мамыққа толады,

Аяз ата келеді,

Сыйлықтарын береді.

Мадияр

Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады қатады

Жып жылтыр боп жатады.

Ай-бібі

Жаңа жыл, Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Аяла

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жүлдізы

Көз тоймайды қараса.

Аяз ата: Эрине ойнаймыз көне бәріміз орнымыздан тұрамыз ал мен сендерді қатырамын деп ойын ойнайық мен құлақтарынды қатырамын десем сендердің көзінде құлақтарынды жабасындар келістікпеп.

Балалар: Иә!

Ойын: «Қыс келді»

Жүргізуши: Оте қызықты ойын болды, ал енді біздің балалардың биін тамашаланыздар.

Би: «Флешмоб»

Аяз ата: Рахмет балалар біздің көңілімізді бір көтеріп жібердіңдер біз де сендерге құрқындын көзінде қалыптыңызды ала келдік. Біздің сыйлығымыздың риза болындар.

Ал енді біз жолға шығайық. Жаңа жылда жаңа табысқа жетіндер. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Келесі жылы аманшылықта кездескеше. Сау болындар!

Жүргізуши: Құрметті қонақтар, балалар бүгінгі біздің жаңа жылға арналған

ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Жаңа жыл баршамыздың күт береке алып келсін. Жаңа жыл отбасыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін! Келесі кездескенше қош сау болындар!

